

"Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпараттар беру туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Директоратының 1998 жылғы 15 көкектегі N 60 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күші жойған

Қаулысы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1998 жылғы 11 қараша N 197-1 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 11 ақпанда N 685 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы N 143 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 143 қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3

4. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігі Басқармасының

2008 жылғы 2 қазандағы

N 143 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Мына нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) ;

2) ;

3) . . . ;
4) . . . ;
5) . . . ;

6) Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Халық аралық облигацияларды шығарғанда ақпаратты беру туралы" 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 60 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы N 197-1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 685 тіркелген);

7) . . . ;
8) . . . ;

9)

"Халықаралық облигациялар және АДР шығарудың шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директоратының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 197 қаулысының қабылдануына байланысты Ұлттық комиссиясының Директораты қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 мамырда N 535 тіркелген, "Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпараттар беру туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 15 көкектегі N 60 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және жұмыс істеп тұрған қор биржасы берген, эмитенттің бұрынғы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздарының осы қор биржасының ресми тізіміне енгізілгендігі туралы жазбаша растама (осы бөлік Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 197-1 қаулысымен енгізілген);".

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы:

1) осы Қаулыны (оны күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК